



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат

кемсітушілік пен қудалауға қарсы

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Саясаттың мақсаттары	3
1.2 Қолданылу аясы	3
1.3 Құқықтық негіз	3
1.4 Терминдер мен анықтамалар	4
2 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР	5
3 АЛДЫН АЛУ, АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ	5
3.1 Кемсітушілік пен құдалаудың түрлері	5
3.2 Алдын алу шаралары	7
3.3 Шаралар қолдану тетіктері	9
4 ЖАУАПКЕРШІЛІК	10
5 МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ	10
6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	10

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Саясаттың мақсаттары

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (бұдан әрі – Университет) білім беру және ғылыми орталық қана емес, сонымен қатар құрмет, теңдік пен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру кеңістігі болып табылатынын мойындайды. Кемсітушіліктің, қудалаудың және зорлық-зомбылықтың кез келген түрі академиялық ахуалды бұзып, адам құқықтарын шектейді және тұлғаның дамуына кедергі келтіреді.

Осы Саясат мынадай **мақсаттарды** көздейді:

- қауіпсіз, инклюзивті және әділ білім беру ортасын қамтамасыз ету;
- кемсітушілік пен қудалаудың алдын алуға бағытталған бірыңғай қағидаларды белгілеу;
- студенттер мен қызметкерлерді қолдау және қорғау тетіктерін айқындау;
- өзара құрмет мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

1.2 Қолданылу аясы

Осы Саясат университет қауымдастығының барлық мүшелеріне қолданылады: студенттерге (магистранттар мен докторанттарды қоса алғанда), оқытушыларға, қызметкерлерге (штаттық және қоса атқарушылар), уақытша жұмысшыларға, мердігерлерге, тағылымгерлерге, келушілерге, Университет серіктестеріне және т.б., оқу, ғылыми, қызметтік немесе өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында, сондай-ақ оқу/жұмысқа байланысты оқиғаларға (онлайн-коммуникацияларды қоса алғанда).

1.3 Құқықтық негіз

Аталған Саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына (14 б. – құқықтардың теңдігі және кемсітушілікке жол берілмеуі), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (6 б., 7 б. – еңбек саласында кемсітушілікке тыйым салу), 2009 жылғы 8 желтоқсандағы №223-IV ҚР Заңына «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV ҚР Заңына «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР Заңына «Білім туралы» (онда білім алушылардың қауіпсіз әрі құрметке негізделген жағдайларда оқу құқығы бекітілген), сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарына, атап айтқанда Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-нің Тұрақты даму саясатына және Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-нің Теңдік пен инклюзивтілік саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Халықаралық деңгейде Саясат БҰҰ Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында 1948 жылғы 10 желтоқсанда 217 А (III) қарарымен қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын («Адам құқықтары туралы халықаралық пакт»),

ЮНЕСКО-ның білім беру саласында және білім беру арқылы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету стратегиясын (2019–2025 жж.), 1958 жылғы 25 маусымда Женевада қабылданған Халықаралық еңбек ұйымының №111 «Еңбек пен қызметтегі кемсітушілік туралы» конвенциясын, сондай-ақ БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ-5: Гендерлік теңдік, ТДМ-10: Теңсіздікті азайту) ескереді.

1.4 Терминдер мен анықтамалар

Кемсітушілік — нәсіліне, жынысына, жасына, діни сеніміне, этникалық тиесілігіне, әлеуметтік мәртебесіне, жыныстық бағдарлануына, ұлтына, әлеуметтік тегіне, материалдық жағдайына, саяси немесе өзге де көзқарастарына, мүгедектігіне, туған жеріне немесе кез келген басқа да сипаттамаларына байланысты жасалатын кез келген айырмашылық, шектеу, артықшылық немесе алып тастау.

Буллинг (моббинг) — академиялық қауымдастық мүшесін кемсітуге, оқшаулауға немесе шеттетуге бағытталған жүйелі психологиялық немесе физикалық қысым. Университет жағдайында буллинг студенттер арасындағы топтық қысым, чаттарда және әлеуметтік желілерде құдалау (кибербуллинг), әдейі елемеу немесе әңгіме-сыбыс тарату, сондай-ақ қызметкерлерге дәлелсіз шамадан тыс әкімшілік жүктеме беру түрінде көрініс табуы мүмкін.

Қалаусыз құдалау әрекеттері — жеке кеңістікті бұзатын және дұшпандық не кемсітушілік атмосфера қалыптастыратын ауызша, бейауызша немесе физикалық сипаттағы қалаусыз әрекеттер. Университет шеңберінде бұл интимдік сипаттағы жағымсыз пікірлер, орынсыз әзілдер, қол тигізу, сондай-ақ академиялық немесе еңбек жеңілдіктері үшін жеке қызмет көрсету талаптары түрінде байқалуы мүмкін.

Гендерлік зорлық-зомбылық — тұлғаның жынысына немесе гендерлік сәйкестігіне байланысты жасалатын әрекеттер, оған кемсітушілік, психологиялық қысым, физикалық күш қолдану және жыныстық қорлау әрекеттері кіреді.


Құдалау (харассмент) — қорқынышты, дұшпандық немесе қорлайтын сипатта қабылданатын, орынсыз, қайталанатын және жүйелі мінез-құлық.

Виктимизация — кемсітушілік немесе қорлау әрекеттері фактісі бойынша шағым жасаған немесе күелік еткен тұлғаға қатысты қолданылатын кез келген жағымсыз салдарлар. Мысалы, жобалардан шеттету, оқу немесе еңбек жағдайларын әдейі нашарлату шағым бергені үшін кек алу нысаны болуы мүмкін.

Инклюзия — әртүрлі әлеуметтік-мәдени топтар мен әрбір тұлға ерекше дағдылары, тәжірибесі мен даму көзқарастары үшін бағаланатын, қабылданатын және құрметтелетін жағдай жасау, сондай-ақ олардың табысқа жетуге тең мүмкіндіктері қамтамасыз етілетін орта.

Қауіпсіз білім беру ортасы — зорлық-зомбылықтан, кемсітушіліктен және психологиялық қысымнан ада орта, онда әрбір студент пен университет қызметкері өз құқықтары мен әлеуетін еркін жүзеге асыра алады.

2 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР



1) **Нөлдік төзімсіздік.** Университет ешқандай кемсітушілікке, қорлау әрекеттеріне немесе зорлық-зомбылықтың қандай да бір түріне жол бермейді және оларды ақтамайды, қатысушының мәртебесіне (студент, оқытушы, қызметкер немесе шақырылған маман) қарамастан.

2) **Тең құқықтар мен мүмкіндіктер.** Университет қауымдастығының барлық мүшелері жынысына, жасына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, діни сеніміне немесе физикалық ерекшеліктеріне қарамастан, білім беру ресурстарына, конкурстарға, гранттарға, инфрақұрылымға тең қолжетімділікке ие.

3) **Инклюзия және әралуандыққа құрмет.** Университет мәдени, этникалық және әлеуметтік әралуандықтың құндылығын мойындайды және стереотиптерден, дұшпандықтан және әділетсіз көзқарастардан ада кампус ортасын қалыптастырады.

4) **Қауіпсіздік және құпиялылық.** Университет кемсітушілік немесе қорлау әрекеттері фактілері туралы хабарлаған тұлғаларды қудалаудан және виктимизациядан қорғалуын қамтамасыз етеді. Барлық шағымдар бойынша ақпарат құпия түрде, өтініш берушінің абыройын құрметтей отырып қаралады.

5) **Шаралар қолдану тетіктерінің қол жетімділігі.** Әрбір студент пен қызметкер кез келген уақытта көмек сұрауға құқылы. Университетте шағымдар мен өтініштерді беру үшін түсінікті әрі ашық тетіктер қарастырылған, оған анонимді хабарламалар беру мүмкіндігі де кіреді.

6) **Әділдік және объективтілік.** Шағымдарды қарау бейтарап түрде жүргізіледі, бұл субъективтілікті және мүдделер қақтығысын болдырмайды.

3 АЛДЫН АЛУ, АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ

3.1 Кемсітушілік пен қудалаудың түрлері

Осы Саясат аясында университеттің білім беру және еңбек ортасында орын алуы мүмкін жол берілмейтін мінез-құлықтың келесі түрлері айқындалады:



Кемсітушілік — жынысына, жасына, ұлтына, дініне, мүгедектігіне, әлеуметтік шығу тегіне, саяси көзқарасына немесе өзге де сипаттамаларына байланысты құқықтарды кез келген айырмашылықпен шектеу немесе бұзу.

Кемсітушіліктің түрлері:

- **Гендерлік кемсітушілік** – студенттерге немесе қызметкерлерге жынысына қарай әділетсіз қарау (мысалы, қыздардың ғылыми жобаларға қатысуына тыйым салу, әйелдердің мансаптық өсуін шектеу).
- **Этникалық кемсітушілік** – ұлттық белгісі бойынша қорлау, іс-шараларға тең қолжетімділіктен айыру немесе мансаптық өсуді шектеу.
- **Жас ерекшелігіне байланысты кемсітушілік** – жасы үлкен оқытушыларға немесе жас мамандарға қатысты орынсыз пікірлер айту, мүмкіндіктерін шектеу.
- **Мүгедектікке немесе денсаулық жағдайына байланысты кемсітушілік** – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге жағдай жасамау (мысалы, бейімделген материалдардың болмауы, ыңғайлы сабақ кестесін қарастырмау).
- **Әлеуметтік-экономикалық кемсітушілік** – студентті материалдық жағдайына байланысты іс-шаралардан шеттету (мысалы, қосымша курстарды төлей алмауына байланысты мазақ ету немесе қысым көрсету).
- **Академиялық кемсітушілік** – білімді әділетсіз бағалау, стипендияларға немесе алмасу бағдарламаларына қолжетімділіктен айыру (оқытушының жеке көзқарасына немесе студенттің мәртебесіне байланысты).

Қудалау — тұлғаның қадір-қасиетін бұзатын және кемсітушілікке толы, дұшпандық немесе қауіпсіз емес ахуал туғызатын қалаусыз мінез-құлық.

Қудалаулардың түрлері:

- **Ауызша қудалау** – орынсыз пікірлер, қорлайтын ат қою, дерекі қалжыңдар (соның ішінде жыныстық немесе гендерлік астарлы).
- **Бейауызша қудалау** – мазасыздандыратын қараулар, қорлайтын суреттерді көрсету, қабылданбайтын ым-ишара.
- **Физикалық қудалау** – келісімсіз қол тигізу, физикалық байланыс орнатуға әрекет жасау, жеке кеңістікті шектеу.

- **Жыныстық қудалау** – интимдік сипаттағы ұсыныстар, академиялық немесе мансаптық артықшылықтар үшін қоқан-лоқы көрсету, жыныстық сипаттағы материалдарды көрсету.

- **Онлайн-қудалау (киберхаррасмент)** – әлеуметтік желілерде келісімсіз фото/видео немесе әңгіме-сыбыс тарату, студенттік чаттарда қудалау, кез келген тұрғыдағы қорлау.

Студенттер арасындағы бұллинг – жүйелі түрде орын алатын қудалау, оқшаулау, мазақ ету, қорқыту немесе академиялық топ ішінде бойкот жариялау.

Қызметкерлер арасындағы моббинг – әріптестер немесе басшылық тарапынан көрсетілетін қысым (мысалы, негізсіз сын айту, шамадан тыс жүктеме беру, кәсіби қызметтен шеттету).

Виктимизация — шағым жасаған немесе күәлік берген тұлғаға кез келген теріс әсер ету, соның ішінде оқу/жұмыс жағдайларын нашарлату, жобалардан шеттету, әкімшілік немесе студенттер тарапынан қысым көрсету.

3.2 Алдын алу шаралары

Университет қауіпсіз және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған кешенді алдын алу тәсілін қолданады. Кемсітушілікке, бұллингке және домогательстволарға жол бермеу мақсатында келесі шаралар жүзеге асырылады:

- студенттер мен қызметкерлерге арналған тұрақты дәрістер, тренингтер мен семинарлар өткізу («Буллинг және онымен қалай күресу керек» – студенттерге арналған тренинг, 2024 жылғы 1 ақпанда өткізілді);




- зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке қарсы акциялар ұйымдастыру («Зорлық-зомбылыққа «жоқ» де» – зорлық-зомбылыққа қарсы республикалық акция, 2023 жылғы 30 қарашада өтті);



о университеттің гендерлік теңдік мәселелеріне қатысуы («Еңбек нарығындағы гендерлік теңдік» – «Хабар 24» телеарнасындағы «Күндізгі ауысым» бағдарламасының тікелей эфирі, 2024 жылғы 7 наурыз);

о университеттің даму стратегиясына гендерлік теңдік қағидаттарын енгізу («EKTU.Otbasy – ырыс-береке аймағы» жобасы, университет қауымдастығы мүшелерінің жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған);





○ сенім нөмірлерін жариялау (*WhatsApp желісі: +7 (701) 471 2905, +7 (776) 474 9697*).

Білім беру іс-шаралары

Ұлттық бастамаларға
қатысу

Теңдік пен
инклюзивтілік
мәдениетін
қалыптастыру

Теңдік қағидаттарын
институционалды
интеграциялау

Ақпараттық қолдау
және көмекке
қолжетімділік

3.3 Шаралар қолдану тетіктері

1) Өтініш беру арналары

- Инклюзивтік орталық.
- Психологиялық қызмет.

2) Шағымдарды қарау тәртібі

- өтінішті бастапқы құпия (confidential) қарау;
- қызметтік тексеріс жүргізу;
- шара қолдану (тәртіптік, әкімшілік, тіпті оқудан шығару немесе жұмыстан босатуға дейін).

3) Қорғау кепілдіктері

- өтініш берушіні құдалауға тыйым салу;
- анонимді өтініш беру мүмкіндігі;
- психологиялық және заңгерлік көмек.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Университет басшылығы Саясатты іске асыру үшін жауап береді.
- Оқытушылар мен қызметкерлер құрметке негізделген ахуалды қолдауға және бұзушылықтардың алдын алуға міндетті.
- Студенттер өзара әрекеттесу ережелерін сақтауға және домогательдік жағдайлары туралы хабарлауға міндетті.

5 МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

- Жыл сайын келіп түскен өтініштер мен қабылданған шараларға мониторинг жүргізіледі.
- Жеке деректерді жария етпестен, есептер ашық түрде орналастырылады.
- Өтініштерді талдау және халықаралық тәжірибелер негізінде Саясатқа түзетулер енгізіледі.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ теңдік, құрмет және қауіпсіздік қағидаттарына берік екенін растайды. Университет ортасы – бұл кемсітушілік пен қорқыныш орны емес, тұлғаның дамуына арналған кеңістік болуы тиіс.

Осы Саясат – ашық, құжат және ол қоғамдағы, заңнамадағы және академиялық тәжірибедегі өзгерістерге сәйкес үнемі жетілдіріліп отырады.